

Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіптік өндірісті тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 554

Шығыс Қазақстан облысында өнеркәсіптік өндірісті тұрақтандыру, өнім шығару мен қызмет көрсетулер көлемінің өсуін қамтамасыз ету, қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі екі айлық мерзім ішінде 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Шығыс Қазақстан облысының түсті металлургия кәсіпорнын, сирек металл және сирек жерлік өнеркәсібін дамыту бағдарламасын әзірлесін және ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп кәсіпорындардың республиканың өндірістік рыногындағы кооперациялық байланыстарын дамытудың есебінен "Мұнайгазмаш" акционерлік қоғамы мен "Конденсатор заводы" акционерлік қоғамы өндіретін тауарлармен ішкі рынокты өзі қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлесін және ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсенов, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен (А.С.Павлов), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитетімен (Ғ.Е.Қасымов) бірлесіп үстіміздегі жылдың 25 сәуіріне дейінгі мерзімде оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары әкетпестен металлургиялық заводтардың қолда бар өндірістік қуаттарымен түсті металдар қоспаларын қайта өңдеуді ынталандыруды қамтамасыз ететін ұсыныс әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Шығыс Қазақстан облысының әкімі "Ертіс полиметал комбинаты" акционерлік қоғамы мен "Белогор кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамын қайта құру рәсімдерін жүргізу кезеңінде табиғат қорғау объектілерін авариясыз жағдайда ұстап тұру жөнінде шара әзірлесін және оларды қаржыландырудың көздері туралы мәселе қарасын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен, Қаржы

министрлігімен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Шығыс Қазақстан облысы тау-кен - металлургия кешені кәсіпорындарының одан әрі пайдалану экономикалық жағынан мақсатсыз объектілерін жою бағдарламасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітуге енгізісін .

6. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамының сирек металл өндірісінің, "Үлбі металлургия заводы" акционерлік қоғамының тантал заводының және "Құндыбай" итрий-сирек жер кен орнының қатысуымен біртұтас технологиялық кешен құру туралы, сондай-ақ "Ертіс химия-металлургия заводы" акционерлік қоғамы 259,1 миллион теңге сомасына мемлекеттік материалдық резервтерден алған тауарлық несиені өтеу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгіленген тәртіппен Шығыс Қазақстан облысының Серебрянск қаласын Қазақстанның Ұлттық банкінің траншы арқылы зейнетақы төлеуге қаражат алатын қалалардың тізіміне кіргізісін.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі